

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақмола облысы Атбасар ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 тамызда № 8003 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 14 желтоқсандағы № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Атбасар ауданы Полтавка ауылдық округі әкімінің 14.12.2021 № 13 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Атбасар ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2020 жылғы 21 тамыздағы № 01-28-167 ұсынысы негізінде, Полтавка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты Атбасар ауданының Полтавка ауылдық округінің Титовка ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Полтавка ауылдық  
округінің әкімі*

*Л.Кожаметова*